

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА «БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін

Ректор

 У. Умбетов

Ғылыми Кеңестің шешімі
№ 1 хаттама 29 08 2024ж.



КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА КОДЕКСІ

Қызылорда, 2024 жыл

МАЗМҰНЫ

- 1 Кіріспе
- 2 Терминдер мен анықтамалар
- 3 Жалпы ережелер
- 4 Жалпы талаптар
- 5 Қорытынды ереже
- 6 А қосымшасы өзгерістер енгізу парағы
- 7 Б қосымшасы танысу парағы

КІРІСПЕ

Қызылорда «Болашақ» университеті қызметінің тиімділігі жалпы мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу, университет миссиясын орындау үшін қызметкерлер мен білім алушылардың барлық санаттарын шоғырландыруға байланысты болып келеді.

Корпоративтік этика кодексі (бұдан әрі–Кодекс) Қызылорда «Болашақ» университетінің қызметкерлері мен білім алушыларының қызмет және мінез-құлық стандарттарын айқындайды. Осы кодекс корпоративтік мәдениеттің негізгі құндылықтар кешенін, ережелерін, нормаларын және оған қойылатын талаптарды айқындайды, оларды сақтау университет қызметкерлері мен білім алушыларының барлық санаттары үшін міндетті.

Қызылорда «Болашақ» университетінің Корпоративтік этика кодексінде атқаратын лауазымына, мәртебесіне және орналасқан жеріне қарамастан университет ұжымының барлық мүшелеріне, ЖОО ішінде де, одан тыс жерде де қолданылатын ережелер мен нормалар қамтылған. Қызылорда «Болашақ» университетінің корпоративтік этика Кодексі университеттің барлық ұжымына ортақ.

ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Іскерлік этика- іскерлік шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін және компанияның іскерлік тәртібін қалыптастыратын этикалық нормалар мен қағидалар.

Дресс-код (ағылш.: dress-code) - код, түрі, киім нысаны.

Кодекс- ережелер, принциптер, сенімдер жиынтығы.

Профессор-оқытушылар құрамы мен әкімшілік-басқару персоналының корпоративтік этика кодексі-Қызылорда «Болашақ» университетінің қызметкерлері жұмыс процесінде іскерлік этика қағидастарын қолдану кезінде басшылыққа алатын корпоративтік қағидалар мен қағидастар жиынтығы.

Корпоративтік этика-лауазымды тұлғалар, қызметкерлер және білім алушылар өз қызметінде басшылыққа алатын іскерлік тәртіптің этикалық қағидастары мен нормаларының жиынтығы.

Лауазымды тұлғалар-университет әкімшілігі, Ғылыми кеңес, ректорат мүшелері, кәсіподақ комитетінің мүшелері.

Қызметкер- профессор-оқытушылар құрамы және әкімшілік-басқару қызметкерлері.

Қазақстан Республикасының заңнамасы- белгіленген тәртіппен қабылданған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің жиынтығы.

Мүдделер қақтығысы - университет қызметкерінің немесе лауазымды тұлғасының жеке қызығушылығы оның өз міндеттерін бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдай.

Корпоративтік мәдениет-бұл университетке тән құндылықтар, іскерлік тәртіп пен қарым-қатынас нормалары, принциптері; ұйымның «мәдениеті» ұғымы күнделікті және жұмыс жағдайында ішкі және сыртқы тәртіпті көрсетеді.

Корпоративтік тәртіп-білім беру процесінің барлық қатысушыларына таралатын ішкі және сыртқы тәртіп.

Корпоративтік жанжал (дау)-университеттің қызметкерлері мен мүдделі тұлғалары арасындағы мүдделер мен қызметке теріс әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін университеттің корпоративтік басқару мәселелері бойынша келіспеушілік немесе дау.

Корпоративтік жанжалдарды реттеу-корпоративтік жанжалдарды шешуге бағытталған сотқа дейінгі рәсімдер кешенін жүзеге асыру процесі.

Этика – тәртіп нормаларының жиынтығы.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қызылорда «Болашақ» университетінің корпоративтік этика Кодексі келесі заңдарды: ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл туралы», «Тіл туралы» Заңдарын, ҚР Еңбек кодексін, ҚР Азаматтық кодексін және өз қызметінде регламенттейтін басқа да нормативтік-құқықтық актілерді, университет Жарғысын, ішкі еңбек тәртібі ережесін, сапа менеджменті талаптарын, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ережелер мен нормаларды, университеттің Ғылыми кеңесінің, ректорат шешімдерін басшылыққа алынып әзірленді.

Корпоративтік этика Кодексі қызмет барысында университеттің даму бағыттары мен басымдықтарын анықтайтын келесі негізгі құжаттарды басшылыққа алынады: ҚР БжҒМ стратегиялық даму жоспарын; Қызылорда «Болашақ» университетін дамытудың стратегиялық жоспарын; Ұлт жоспары «100 нақты қадам»; Білім және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы; «Мәңгілік Ел» Ұлттық бағдарламасы; Үш тілде білім беруді дамытудың жол картасы; «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын, сондай-ақ, ҚР Президентінің Жолдауы мен Үндеуін.

Қызылорда «Болашақ» университетінің Корпоративтік этика кодексінде білім алушылар мен университет қызметкерлері үшін міндетті этикалық қағидаттар бекітілген:

- әкімшілік-басқару қызметкерлері;
- профессор-оқытушылар құрамы;
- оқу-көмекші қызметкері;
- дайындық бөлімінің тыңдаушылары, студенттер, магистранттар,
- қызмет көрсетуші қызметкерлер.

Кодекс корпоративтік этика мен тәртіптің қағидаттарын, ережелері мен нормаларын бекітеді, корпоративтік мәдениетті дамытуға жәрдемдеседі, жалпыға танылған адамгершілік құндылықтарға, адам құқықтарының басымдықтарына, азаматтық қоғамның демократиялық идеяларына негізделген қатынастарды реттейді. Осы Кодекстің ережелері университеттің барлық бөлімшелерде сақталуы үшін ұсынылған. Олар бөлімшенің ішкі құжаттарында оның қызметінің ерекшелігіне қарай нақтылануы мүмкін. Қызылорда «Болашақ» университетінің корпоративтік құндылықтары:

- парасаттылық;
- креативтілік;
- ашықтық.

Қызылорда «Болашақ» университетінің корпоративтік этика Кодексі келесі ережелерге негізделген:

- кәсібилік;
- ұжымшылдық;
- академиялық адалдық;
- корпоративтік ынтымақтастық.

Мақсаты: Қызылорда «Болашақ» университетіндегі білім беру, ғылыми және әкімшілік-басқару үрдістері арасындағы тәртіп пен қатынастардың этикалық негіздерін реттеу.

Міндеттері:

-бітірушілері жоғары дайындық деңгейі есебінен Қызылорда «Болашақ» университетінің ұстанымын нығайтуға жан-жақты көмек көрсету;

-тұлғаның интеллектуалдық, мәдени және адамгершілік дамуын қамтамасыз ету;

-ұжымның әрбір мүшесінің құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау; күрделі этикалық жағдайлардағы тәртіп;

- регламенттеу негіздерін белгілеу;

-университеттің ұжымында қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды сақтау;

- қазақстандық патриотизмді қалыптастыру.

Кодекс университеттің барлық білім алушылары мен қызметкерлеріне қолданылатын тәртіп ережелерін қамтиды. Кодекс Қызылорда «Болашақ» университетінің беделін арттыра отырып, шешім қабылдауда әділдік пен бейтараптықты қамтамасыз ете отырып, университетке тиісті тәрбие стандарттарын, қоғамдық сенімді, қызметкерлердің адалдығы мен кәсіпқойлығына сенімділікті қолдауға көмектесу мақсатында әзірленді. Кодекстің қолданылу саласы:

-Қызылорда «Болашақ» университетінің қызметкерлері мен білім алушыларының өзара қарым- қатынасы;

- ұжымдағы тәртіп;

- құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара қарым-қатынас;

-жұмыс берушілермен, серіктестермен және бәсекелестермен өзара әрекеттесу;

-мемлекеттік билік органдары және БАҚ өкілдерімен өзара іс-әрекет жасау;

- сыйлықтар мен қызметтерді ұсыну және алу.

Кодекс университет ұжымының барлық мүшелерімен танысқаннан кейін, Ғылыми кеңесте қаралып, ректормен бекітілгеннен кейін күшіне енеді және олардың шешімдерімен өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін

ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

Университеттің сыртқы қатынастары.

Университет қоғам алдындағы өзінің әлеуметтік жауапкершілігін сезінеді және түлектердің жоғары білім сапасына кепілдік береді.

Университет серіктестік және өзара қарым-қатынас қағидаттары негізінде қарымқатынастарды құрайды. Істі адал жүргізу– бұл барлық қызмет түрлері үшін негіз болып табылады.

Университет тұтынушылармен құрмет, сенім, адалдық және әділеттілікке негізделген қарым-қатынастарды табысқа жету үшін маңызды деп санайды.

Еңбек тәртібінің қағидалары.

Қызметкерлер мен білім алушылар еңбек тәртібінің ережелерін орындауға, жұмысқа және оқу үрдісінің талаптарын сақтауға міндетті. Университетте бір-біріне «Сіз» деп жүгіну әдетке айналған. Қарым-қатынас кезінде білім алушылар мен қызметкерлер бір-біріне қатысты таныстық, қатты сөйлеу, нормативтік емес лексикаға жол бермейді. Оқытушылар арасындағы, білім алушы мен оқытушы арасындағы қарым - қатынасты жария түрде анықтауға жол берілмейді. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында университетте өткізу жүйесі жұмыс істейді. Әрбір корпусқа кіре берісте күзетші болады. Корпусқа кірушілер турникет карточкасымен кіруге міндетті. Университет ғимаратында темекі шегуге тыйым салынады. Университетте темекі шегуге арналған арнайы орындар бар.

Ұжымда қолайлы жұмыс ортасын құру.

Қызылорда «Болашақ» университетінде білім беру процесінің барлық қатысушылары университетін «екінші үй» ретінде қабылдауы үшін ұжымда қолайлы жұмыс ортасын құру бойынша жұмыс жүзеге асырылады. Қызметкерлер және студенттер өздерінің университеті мен қаласында микроклиматты жақсарту жұмыстарын жүргізуі керек. Құрылымдық бөлімшенің басшысы бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен қызметтік өкілеттіктерінің көлемін олардың атқаратын лауазымдарына сәйкес дәл айқындауға, олардан қызметтік міндеттерінің шеңберінен шығатын тапсырмаларды орындауды талап етпеуге тиіс. Қызметкерлерге не әріптестерге негізсіз айыптауларға, дөрекілік, адамдық қадір-қасиетін кемсіту, жөнсіздік фактілеріне жол берілмейді. Қызылорда «Болашақ» университетінің әрбір қызметкері мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халықтарының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға, университет пен өз кәсібінің дәстүрлерін, беделін құрметтеуге, сақтауға және көбейтуге тиіс.

Кәсіби имидж: сыртқы келбеті.

Қызметкер мен білім алушының сыртқы келбеті—Қызылорда «Болашақ» университетінің корпоративтік мәдениетінің құрамдас бөлігі болып табылатын қызметтік этикеттің негізі. Іскерлік ахуалды офистік дресс-код, атап айтқанда, іскерлік костюм: ерлерге арналған қатаң консервативті костюм; әйелдерге арналған классикалық костюмдер мен көйлектер. Іскерлік стильдің ұстамдылық, киім сапасы, назар аударатын жарқын аксессуарлардың болмауының бағалануы халықаралық стандартқа негізделеді. Біздің университеттің әр қызметкері мен оқытушысы Қызылорда «Болашақ» университетінің білім беру функциясын атқаратындығын есте ұстағаны жөн, сондықтан қызметкерлердің имиджі классикалық іскерлік стильге сәйкес келуі керек. Іскерлік киім киюдің келесі ережелерін сақтау ұсынылады:

- іскерлік киімнің стилі консервативті және ұстамды болуы керек;
- киім ұқыпты және әлемде қабылданған іскерлік киім стандарттарына сәйкес болуы тиіс;
- ашық және қызықтыратын түстерден аулақ болған жөн;

- әйелдер қысқа юбкалар, арқа, иықтарын ашатын киім киюге болмайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл.

Қызылорда «Болашақ» университеті өзін үздіксіз білім беру саласындағы жоғары әлеуметтік жауапкершілігі бар университет ретінде көрсетті, ол адамның өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ететін әлеуметтік-қоғамдық жобаларды іске асырудың бастамашысы болады. Осыған байланысты университет ұжымы сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарына төзбеушілік танытады. Қызметкерлерге университет клиенттерінен немесе үшінші тұлғалардан кез келген уақытта жасалған қызмет пен кеңес үшін алғыс ретінде сыйлықтар немесе қызметтерді қабылдауға және беруге тыйым салынады. Қызылорда «Болашақ» университеті өз серіктестеріне ұсынатын сыйлықтар мен қызметтер оның жеке қызметкерінің сыйы ретінде емес, бүкіл университет атынан ғана беріледі. Сыйлық ретінде Қызылорда «Болашақ» университетінің символикасы бар заттарды қолданған жөн.

Мүдделер қақтығысы: қызмет бабын теріс пайдалану.

Қызылорда «Болашақ» университетінің қызметкерлері мүдделер қақтығысына әкеп соққан жағдайлардың туындауына жауапты болады. Университеттің тиімді жұмыс істеуі қызметкерлердің міндеттерін нақты бөлуді және қызметкердің жауапкершілік саласы мүдделер қақтығысына жол беретін жағдайларды болдырмауды көздейді. Әлеует қақтығыстардың салалары тез анықталады, азайтылады және қатаң бақылауға алынады. Қызылорда «Болашақ» университетінің қызметкерлері өзінің қызметтік жағдайын жеке пайда табу үшін пайдаланбауы тиіс. Жанжалды шешу кезінде әділеттілік пен процедуралық адалдық принциптері сақталады. Сыртқы құрылымдармен жанжалдар туындаған кезде қызметкерлер, ең алдымен, білім алушылардың мүддесі үшін әрекет етеді, сондай-ақ, Қызылорда «Болашақ» университетінің мүдделерін ескереді. Қызылорда «Болашақ» университетінің қызметкерлері студенттерге қатысты өз өкілеттіктерін теріс пайдалануға құқығы жоқ.

Қызметкерлердің жекелеген санаттарына арналған регламент:

Еркін киім түрі (өндірістік қажеттілік жағдайында) мынадай бөлімшелерге (басшылық құрамды қоспағанда) рұқсат етіледі:

- қоғамдық тамақтану орындарының қызметкерлері;
- әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері

Әкімшілік-шаруашылық қызметінің қызметкерлері өзара, сондай-ақ, басқа да қызметкерлермен және білім алушылармен сыпайылық, мейірімділік, жылы қабақ танытуға міндетті.

Білім алушылар мен қызметкерлердің мінез-құлық қағидалары.

Білім алушылар мен қызметкерлердің мінез-құлық ережелері университеттегі жоғары адамгершілік жағдайды қолдауға бағытталған: ұйымшылдық, мейірімділік, серіктестік сезімі, өзара түсіністік және өзара көмек көрсету, бір-біріне сенім білдіру және қарым-қатынастардың

жылулығы- бұл ұжымдағы үйлесімділіктің негізгі шарттары. Қызметкерлер мен студенттер жеке ар-намысы мен қадір-қасиетін көрсетуі керек.

Мінез-құлықтың жалпы мәдениетін сақтау қажет: сыпайылық, сезімталдық, адамдарға назар аудару, нақтылық, сөзге адалдық. Білім алушылардың киімінде субмәдениетке жататын бөлшектерден (металл тізбектердің, түйреуіштердің, тойтармалардың және т.б. көптігі) аулақ болу ұсынылады. Университетке спорттық костюмдер мен спорттық аяқ киімдермен, жағажай киімдерімен және аяқ киімдермен (шорты, майка, шәркей) келуге тыйым салынады. Кездесу кезінде студенттер мен қызметкерлер міндетті түрде келесі дәйектілікті сақтай отырып амандасады: студенттер мұғалімдермен, ер адамдар әйел адамдармен, жасы бойынша немесе лауазымы бойынша кішілер үлкендермен амандасады. Ерекшелік қол беріп амандасу-тек жасы үлкен немесе мәртебесі жоғары адамның тарапынан болуы мүмкін. Оқу сабақтары кезінде барлық мобильді байланыс құралдары оқытушылар мен білім алушыларда міндетті түрде өшірілуі тиіс.

Ресми іс-шаралар (жиналыстар, мәжілістер, отырыстар) кезінде ұялы телефонның дыбыстық сигналын өшіру жеткілікті. Түрлі іс-шараларда (жиналыстарда, салтанатты отырыстарда, іскерлік кездесулерде, концерттерде, мерекелерде) сөз сөйлеушілерге құрметпен қарау, тыныштық пен тәртіпті сақтау қажет.

Білім алушылар мен оқытушылар арасындағы өзара қарым-қатынас.

Білім алушылар сабаққа оқытушыдан бұрын келуі тиіс. Оқытушы аудиторияға кірген кезде, барлық студенттер тұруы керек және рұқсатты алғаннан кейін ғана отыра алады. Сабаққа кешігіп келген жағдайда білім алушы кешірім сұрауы керек және оқытушының рұқсатымен мүмкіндігінше назар аудартпай, аудиторияда жақын арадағы бос орынға отыруы керек. Оқытушы білім алушылардың оқытылатын пән бойынша ақпаратты толық көлемде алуына мүдделі. Осыған байланысты білім алушылар оқытылатын пәннің мазмұнымен және емтиханға арналған сұрақтармен алдын ала танысуға құқылы. Сондай-ақ, білім алушылар өздігінен дайындалу үшін ақпарат алу мүмкіндігі мен көздері туралы алдынала білуі керек. Бұл жағдайда оқытушы оқулықтарға сілтеме жасайды, ақпараттың электрондық және баспа көздерін қалыптастырады. Шығармашылық сипаттағы тапсырмаларды орындауға дайындық кезінде студенттер жұмысты орындау алгоритмін нақты білуі керек, бағалау өлшемдерін түсінуі керек. Егер білім алушы қойылған баға туралы сұраса, оқытушы дәлелдеуге міндетті. Оқытушы тәртіпті бұзғаны үшін білім алушыларды сабақтан шығаруға, бұдан әрі бұл шығаруды сабаққа келмеу деп санауға құқылы. Білім алушылар наразылық білдірместен бағынуға міндетті. Сабақтан кейін сыпайы түрде түсіндіріп, оқытушыдан кешірім сұрау керек. Оқытушы болған жағдай туралы деканатқа жазбаша хабарлай отырып, топтың жұмыс істеуіне жүйелі түрде кедергі келтіретін студентті сабақтан шеттетуге құқылы. Білім алушы оқытушымен сабақтан тыс сөйлесу қажет болған жағдайда келесі ережелерді сақтауы керек: оқытушының лауазымын, аты-жөнін нақты білу қажет;

кафедраға кірер алдында кафедралық стендтердегі ақпаратты мұқият оқып, сұрақтар қою керек; оқытушы сізбен келесі жағдайларда жұмыс жасауы тиіс екенін білу керек: кестеге сәйкес сабақтарда; кестеге сәйкес кеңес берулерде; кестеге сәйкес емтихандарда (қайта тапсыруды қоса алғанда); жеке келісім бойынша тағайындалған уақытта. Барлық басқа жағдайларда, білім алушыға жеке уақытын бөлу немесе бөлмеу оқытушының өз еркінде. Білім алушы: оқытушыға алдын ала келісімсіз келген; жалпы немесе жеке тағайындалған кеңес беруге кешігіп келген немесе келмеген жағдайда да қысқа сөйлесуді талап ете алмайды. Бұл жағдайда білім алушылардың жеке жағдайлары (оның ішінде оқудан шығарылу қаупі) шешуші дәлел бола алмайды.

Оқытушы:

-білім алушының жеке басының қадір-қасиетін қорлауға, атап айтқанда: студенттерге айқайлауға, білім алушының сыртқы келбеті мен киімі туралы көпшілік алдында ескерту жасауға;

-білім беру қызметтері үшін қосымша ақы талап етуге; оқу сабақтарында саяси немесе діни үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуге құқығы жоқ.

Білім алушылар:

-оқытушыларға әдепсіздік көрсетуге, сабақ кезінде дауласуға, жүгенсіз кетуге немесе дөрекі болуға;

-оқытушымен өз бағасынан басқа біреудің бағасын талқылауға құқығы жоқ.

Ерекше жағдайларда білім алушылар оқытушыны ауыстыруды сұрай алады. Бұл үшін өте маңызды себептер (дөрекілік, қабілетсіздік, қорқытып алушылық, оқытушының кінәсінен сабақтардың жүйелі түрде бұзылуы және т.б. дәлелденген фактілер) және топ жетекшісі және эдвайзер айта алатын топтың бірауызды пікірі болуы керек.

Оқытушымен жеке жанжал болған жағдайда - сондай-ақ ерекше-білім алушы кафедра меңгерушісіне емтиханды басқа оқытушыға тапсыруға рұқсат беру туралы өтінішпен жүгіне алады. Өтініш дәлелді болуы керек. Бұл мәселелерді жоғары мектеп деканы кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша шешеді.

Қызметкерлер арасындағы өзара қарым-қатынас.

Барлық қызметкерлер басшылыққа алатын негізгі қағидат-ұжым мүшелері арасындағы қарым-қатынаста іскерлік этикаға, әділдік пен адалдыққа негізделген өзара құрмет.

Қызметкерлер арасындағы өзара қарым-қатынастар өзара сыйластық қағидаттарына негізделеді, дөрекілікке, ұятқа қалуға, басқа адамдардың ар-намысы мен қадірқасиетіне нұқсан келтіруге, оларға моральдық немесе материалдық залал келтіруге, құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасауға жол берілмейді.

Әртүрлі құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің қарым-қатынасының әртүрлі нысандары-жұмыс мәселелерін бірлесіп талқылау және шешу, ғылыми жобаларды орындау, бос уақыт іс-шараларын өткізу көтермеленеді. Қызмет барысында туындайтын мәселелерді шешу

барысында Болашақ университетінің қызметкерлері Кодекс ережелерін және азаматтық құқықтарды қорғайтын басқа да құжаттарды басшылыққа алады.

Әкімшілік пен қызметкерлер арасындағы өзара қарым-қатынас.

Университет әкімшілігіне ректор, проректорлар, басқармалардың, орталықтар мен бөлімдердің басшылары, жоғары мектеп декандары жатады. Кафедра әкімшілігіне - кафедра меңгерушісі жатады.

Университет әкімшілігі мен қызметкерлері арасындағы өзара қарым-қатынас ұзақ мерзімді өзара іс-қимыл, өзара міндеттемелерді құрметтеу және нақты орындау қағидаттарына негізделген. Қызметкер де, жұмыс беруші де өз қызметінде еңбек шартының барлық талаптарын сақтауға міндетті.

Басшылық пен қызметкерлердің жұмыс мәселелері бойынша өзара іс-қимылы кезінде кез келген тараптан қысым жасауға, сондай-ақ әділеттілік қағидаттарына және университеттің мүдделеріне сәйкес келмейтін шешімдерді әзірлеуге жол берілмейді. Бір лауазымдық деңгейдегі қызметкерлер арасында, егер бұл неғұрлым тиімді жұмысқа ықпал ететін болса, проблемаларды жұмыс тәртібімен шешуге жол беріледі. Басшылықтың қатысуынсыз өз құзыреті шегінде бір деңгейдегі қызметкерлердің ағымдағы мәселелерді шешуі құпталады.

Университет әкімшілігі Қызылорда «Болашақ» университетінің барлық қызметкерлері үшін өсу саласындағы тең мүмкіндіктерге, сондай-ақ өзін-өзі іске асыру мүмкіндіктеріне кепілдік береді. Мансаптық өсу схемасы және университеттегі мансаптық жетістікке әсер ету факторлары барлығына бірдей.

Әкімшілік адам капиталын табысты қызмет көзі ретінде қарастырады. Қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың құндылық басымдықтары ескеріледі, қызметкердің әлеуетін дамытуға, оған әлеуметтік кепілдіктер беруге назар аударылады.

Университеттің кез-келген қызметкері бірегей тұлға ретінде қарастырылады, сондықтан ұйым менеджменті әрқайсысының жеке ерекшеліктеріне назар аударуға негізделген. Барлық қызметкерлер университеттің қамқорлығында, әлеуметтік және құқықтық қорғауында болады және басшылық тарапынан өз проблемаларына барынша назар аударумен қамтамасыз етіледі.

Сыртқы құрылымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қарым-қатынас.

Университеттің қызметі білім беру және ғылыми мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен, мемлекеттік және коммерциялық құрылымдармен ынтымақтастықпен байланысты. Сыртқы құрылымдармен өзара әрекеттесу кезінде университет ашық және адал қарым-қатынасты қолдайды, іскерлік этиканың жоғары стандарттарын ұстанады.

Сыртқы құрылымдармен қарым-қатынастарда университет мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

- өз міндеттемелерін орындау кезіндегі жауапкершілік пен дәйектілік; - этикалық қағидаттарды ұстану;
- ұсынылатын ақпараттың дұрыстығы;

- ашықтық және ақпараттық ашықтық;

-келіспеушіліктер мен даулар туындаған жағдайда ымыраларды іздестіру. Университет атынан сөз сөйлейтін университеттің білім алушылары мен қызметкерлері іскерлік қарым-қатынас нормалары мен ережелерін сақтайды. Университет бұқаралық ақпарат құралдарымен ашық және адал қарым- қатынасты қолдайды, оларға өз қызметі туралы ақпарат береді.

Бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекеттестік кезінде білім алушылар мен университет қызметкерлері: университет мүддесінде әрекет етеді, оның имиджін нығайтады, ЖОО мүдделеріне зиян келтіретін іс-әрекеттер жасамайды; өзінің қызметтік міндеттерін орындау барысында алынған ақпаратты мақсатсыз пайдалануға жол бермейді; жалған ақпарат таратуға, өз қызметінің фактілерін жасыруға немесе бұрмалауға жол бермейді.

Сыртқы құрылымдармен және БАҚ-пен өзара қарым-қатынасты университет ректоры, сондай-ақ олардың тапсырмасы бойынша бөлімше басшылары жүзеге асырады. Әкімшілік қызметкерлері мен өкілдері (ректордан басқа) сыртқы құрылымдардың өкілдерімен өзара іс-қимыл жасау үшін тікелей басшының рұқсатын алуға міндетті.

Университет қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында алынған ақпаратты жариялауға жол бермейді, университеттен тыс жерлерде оның зияткерлік меншігі болып табылатын ақпаратты пайдаланбайды.

Жиналыстар кезіндегі мінез-құлық.

Жиналыстар мен кеңестер—алқалы шешімдер қабылдау үшін қажетті ынтымақтастықтың негізгі нысандары. Жиналыстар мен мәжілістерді өткізу кезінде бөлінген уақытты барынша тиімді пайдалану керек. Ол үшін жиналысқа (кеңеске) барлық қатысушыларға этикеттің келесі нормалары мен ережелерін сақтау ұсынылады:

-жиналыстарға уақытында келу;

-алдын-ала күн тәртібімен танысып, барлық қажетті материалдарды, алдын-ала дайындалған сұрақтар мен түсініктемелерді өзімен бірге ала келу;

-жиналыс алдында ұялы телефонды өшіру;

-жиналыстарды жеке мәселелерді шешу үшін трибуна ретінде пайдаланбау;

-әрдайым сөйлеуге қанша уақыт бөлінетінін алдын-ала анықтап, білу. Регламентті асыра орындау туралы төраға еске салады;

-келесі спикерлердің уақытын қысқарту арқылы өз сөзіңізді кешіктірмеу.

Қорытынды ережелер

Осы ережеге толықтырулар мынадай жағдайда енгізіледі:

- университет құрылымының өзгеруі;
- құрылымдық бөлімше қызметінің өзгеруі;
- қызметкер функцияларының өзгеруі;

Осы ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі. Осы ережемен реттелмеген мәселелер қолданыстағы заңнамаға сәйкес шешілуі тиіс.


КЕЛІСІЛДІ:

Академиялық мәселелер жөніндегі
проректор



Г.Ж. Снасапова

Академиялық мәселелер жөніндегі
басқарма басшысы



А.К. Мырзанова

Ішкі сапаны қамтамасыз ету және
стратегиялық талдау бөлімінің
басшысы



А.М. Төлегенова

Құрастырған:
HR менеджер



Г.С. Каденова

